ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 тамыз №5165-25-00-2/1786 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья М.И. Оңласов,
сот отырысының хатшысы М. Бейсекееваның отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Наурызбаева» Юлдузхан Октябровна Наурызбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілінің өкілі А.В. Нахов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - талап қоюшы) мен дара кәсіпкер «Наурызбаева» Юлдузхан Октябровна Наурызбаева (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2025 жылғы 29 сәуірде жалпы сомасы 1 665 900 теңгені құрайтын тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №67/25 шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың әрекет ету мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша 16 күнтізбелік күнде жеткізуге тиіс болған.

2025 жылғы 20 маусымда Шарт біржақты бұзылған.

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 14.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Оңласов М.И., 16.09.2025

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюын берген. Талапты жауапкер Шарттың талаптарымен көзделген міндеттемесін орындамағанымен негіздеген.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде тауар үлгілері ұсынылғанына қарамастан тапсырыс беруші үлгілерді қабылдамағанын, шарттың орындалмауы жауапкердің кінәсінен болмағанын көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі сотта талаптың уәждерін қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сотқа келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамады, сондай-ақ сотқа онлайн форматта қатысу үшін талап-тілек бермеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сай Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында 2025 жылғы 29 сәуірде жалпы сомасы 1 665 900 теңгені құрайтын Шарт түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша 16 күнтізбелік күнде жеткізуге тиіс болған.

2025 жылғы 5 мамырда веб-портал арқылы Талап қоюшы тауарды жеткізу туралы тапсырыс берген.

Құжатқа қол қойылған: Онласов М.И., 14.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Онласов М.И., 16.09.2025

Алайда, жауапкер тауарды тапсырыс берілгеннен бастап 16 күнтізбелік күнде, яғни 2025 жылғы 21 мамырға дейін жеткізбеген. Сотта анықталғандай тек бір дана ғана тауардың үлгісін Тапсырыс берушіге жолдаған.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарттың талаптарын орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

Жауапкердің тауар үлгілері ұсынылғанына қарамастан тапсырыс беруші үлгілерді қабылдамады деген уәжін сот негізсіз деп санайды.

Себебі жауапкер шарттың талаптарына сай тауардың үлгілерін емес, тауарды толық көлемде жеткізуге міндетті болған.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының «Оңтүстік жолдары» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Наурызбаева» Юлдузхан Октябровна Наурызбаева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Наурызбаева» Юлдузхан Октябровна Наурызбаевадан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 14.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Оңласов М.И., 16.09.2025